

Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: 01.09.2023

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
2. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі
Жауапты: медбике Тағаева А
3. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы
Жауапты: әдіскер Тұрсынходжаева Д
4. 2023ж. балабақша түлектерінің мектепке түсу қорытындысы
Жауапты: тәрбиешілер Бекмұратова А
әдіскер Тұрсынходжаева Д
5. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы
Жауапты: психолог Қоныс А
6. 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
7. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
әдіскер Тұрсынходжаева Д
8. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
9. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.
Жауапты: құрылтайшы Нұрбаева А
10. Республикалық “Интеллектуум” эксперименттік алаңы бойынша топтарды бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А

11. “Эмоционалдық интеллект” эксперименттік алаңы бойынша топтарды бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
12. Сарапшылық кеңестің құрамын сайлау.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
13. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
14. Дамыту орталықтарының құрамын бекіту.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
15. Шығармашылық топ мүшелерін сайлау.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
16. Педагогикалық этикет бойынша кеңестің мүшелерін қосымша сайлау.
Жауапты: меңгеруші Қоныс А
17. Әртүрлі тақырыптарды талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі Қоныс А сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2023 - 2024 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
4. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
5. 2023ж. балабақша түлектерінің қала мектептеріне түскен қорытындысымен тәрбиешілер, әдіскерлер таныстырып өтті.
6. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.
7. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші Қоныс А бекітті.
8. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші Қоныс А бекітті.

9. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші Қоныс А бекітті.
10. Республикалық “Интеллектум” эксперименттік алаңы бойынша топтарды меңгеруші Қоныс А бекітті.
11. “Эмоционалдық интеллект” эксперименттік алаңы бойынша топтарды меңгеруші Қоныс А бекітті.
12. Сарапшылық кеңестің құрамын меңгеруші Қоныс А сайлады.
13. Аттестация комиссиясының құрамын меңгеруші Қоныс А сайлады.
14. Дамыту орталықтарының құрамын меңгеруші Қоныс А бекітті.
15. Шығармашылық топ мүшелерін меңгеруші Қоныс А сайлады.
16. Педагогикалық этикет бойынша кеңестің мүшелерін меңгеруші Қоныс А қосымша сайлады.
17. Өртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. ЖШС «Бақытты – бала 2050» бөбекжай-бақша меңгерушісі Қоныс А жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023 жылғы бөбекжай-бақшаның түлектерінің қала мектептеріне түсу қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне бірінші сынып оқушылары балабақша түлектерінің оқу нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: Бекмұратова А, Тұрсынходжаева Д
5. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологтың ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.
6. 2023 - 2024 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін.

9. 2023 - 2024 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.
10. Тәжірбиелік алаңдарға арналған топтар бекітілсін.
11. Республикалық “Интеллектум” тәжірбиелік алаңы;
12. Облыстық инновациялық алаң “Эмоционалды интеллект”;
13. Дамытушы орталықтар бойынша бөлінген педагогтер бекітілсін;
14. Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін
Төрайымы: Қоныс А
Комиссия мүшелері – Тұрсынходжаева Д;
Хатшы – Бахтиярова А.
15. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін:
Төрайымы – Тұрсынходжаева Д;
Кеңес мүшелері – Бекмұратова А, Бахтиярова А;
Психолог – Қоныс А;
Ата-аналар комитетінің төрайымы: Камилова Н;
16. Хатшылар бекітілсін,
Педагогикалық кеңестің хатшысы –Бахтиярова А;
Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы–Тұрсынходжаева Д;
Семинарлар, кеңестер хатшысы – Тағаева А;
Ашық есіктер хатшысы: Камилова Н.
17. Педагогикалық этика бойынша кеңестен шығып кеткен мүшелері толықтырылсын және бекітілсін.
Психолог –Қоныс А;
18. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.
19. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.
Педагогикалық кеңестің төрайымы: Тұрсынходжаева Д
Хатшы: Бахтиярова А

Педагогикалық кеңес №2

Өткізілген мерзім: 01.11.2023ж

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат объектілерін, құбылыстарын білуге құштарлығы мен саналы - дұрыс қатынастарын дамыту».

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
Жауапты: меңгеруші: А.Қоныс
2. Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы.
Жауапты: медбике Тағаева А
3. Педагогикалық шеберлік апталығын талдау.
Жауапты: әдіскер: Д.Тұрсынходжаева
4. Балалардың психикалық диагностикасының қортындысы.
Жауапты: психолог: Қоныс А
5. Экологиялық бейне ойындар сайысының қортындысы.
Жауапты: әдіскер Д.Тұрсынходжаева.
6. Кітаптар көрмесінің қортындысы.
Жауапты: әдіскер Д.Тұрсынходжаева
7. Серуеннің картотека көрмесі. Жауапты: барлық жас ерекшелік топ тәрбиешілері: А.Бахтиярова, А.Бекмұратова
8. Педагогикалық әдеп бойынша комиссия мүшелерінің таңдау.
Әр түрлі.
 - а) Педагогикалық кеңес хатшысын қайта сайлау.
 - б) Жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс жасайтын қосымша топтарды бекіту.

Шешімі

1. І тоқсан бойынша топ балаларының аурушандықтарын талдау қанағаттанарлық деп саналсын. Бөбекжай-бақшаның барлық қызметкерлері карантиндік сақтық шараларын сақтасын.

Педагогикалық шеберлік аптасы бойынша талдау қанағаттанарлық деп саналсын.

Анализ по неделе педагогического мастерства считать удовлетворительным.

Ұсыныстар:

- Балаларға экологиялық білім беру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.
- Балаларға ашық (жуан) сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.
- Педагогтерге сөйлеу сауаттылығын бақылау. Педагогтердің ҮІӨ бойынша кәсіби шеберліктерін бағалау қорытындысы.

№	Педагогтердің аты-жөні Фамилия, имя, отчество педагогов	Қорытынды Итог

1.	Бекмуратова Айсұлу	жақсы
2.	Тұрсынходжаева Дилбар	жақсы
3.	Бахтиярова Айдана	жақсы

2. Балалардың психологиялық диагностикасының нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Тәрбиешілерге психологтың ұсыныстарын орындасын.

- Педагогтерге ақпараттық технологияларды игере отырып, өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

- Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерін жан-жақты дамыту үшін бейнеойынды мүмкіндігінше көп қолдану.

3. Кітап көрмесінің қорытындысы бойынша марапатталды:

Ұсыныстар:

- Кітап көрмелеріне қатысқанда тәрбиешілерге тақырыпқа сәйкестігін, көрнекілік және мәтіндік материалдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуына, сонымен қатар дизайндағы эстетикаға ерекше назар аудару.

- Шығармашылық пен креативтілікті көрсете отырып, ата-аналарды кітап жасауға тарту. Ата-аналарға тақырыптың нақты мәнін жеткізу.

4. Серуеннің картотекалары көрмесінің нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Ескертулер болған топтардың тәрбиешілері түзету жасап, күнін белгілеу дейін тапсыру. *жауапты әдіскерлер: Д.Тұрсынходжаева*

Хатшы: Бахтиярова А__

5. Педагогикалық кеңестің хатшысы *Бахтиярова Айдана* қайта сайлансын.

Хатшы Бахтияров Айдана бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Тұрсынходжаева Д

Хатшы:

БахтияроваА

**ЖШС «Бақытты – бала 2050» б/б педагогикалық кеңесі отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген мерзім: 04.01.2024ж

Қатысқандар: 5

Балабақша меңгерушісі: А.Қоныс

Балабақша педагогтері: 7 адам.

Қатыспаған: - 2

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары».

Мақсаты: 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау. 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы. (жауапты/меңгеруші)
«2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.
 2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары». (жауапты/әдіскер: Д.Тұрсынходжаева).
 3. «I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы педагог-психологтің талдамалық есебі» (жауапты/педагог-психолог: Бабатаева F).
 4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау. (жауапты/меңгеруші А.Қоныс).
 5. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс).
- Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру. (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс).

Тыңдады:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Қоныс сөз сөйледі.

Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. _ №4 _
_____ педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жанартылсын және жүйеленсін.
- Тәрбиешілер _____ әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргізсін.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Бұдан әрі «2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша деңгелек үстел өткізілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Д.Тұрсынходжаева «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады. (анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Үшінші мәселе бойынша педагог-психолог: Ғ.Бабатаева сөз сөйледі, «Педагог-психологтің I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы талдамалық есебін» ұсынды.

(мәтін қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Педагогикалық процестің барлық қатысушыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты, әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыбын нақтылау.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Төртінші мәселе бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен танысып, 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау туралы мәселені талқылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарын жаңартуға байланысты аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау қажеттігін түсіндіріп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын қарауға ұсынды. Сайлау үшін келесі кандидатуралар ұсынылады:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы:

Комиссия Төрағасы: А.Қоныс. меңгеруші

Төрағаның орынбасары: Д.Тұрсынходжаева (педагог-зерттеуші)

Комиссия мүшелері:

А.Бекмұратова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Н.Камилова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Д.Тұрсынходжаева тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

А.Бахтиярова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Хатшы:

А.Бахтиярова тәрбиеші

Сараптама кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін

Д.Тұрсынходжаева әдіскер «педагог-зерттеуші» - төраға

Сараптама кеңесінің мүшелері:
Н.Камилова тәрбиеші, «педагог-зерттеуші»

Қатысушылар комиссия мен кеңестің құрамын бірауыздан мақұлдады.

Жетінші мәселе бойынша меңгеруші А.Қоныс қатысушыларды білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен таныстырды, жұмыс қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

Шешім:

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес _№4_ педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:
- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.
- Тәрбиешілерге әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.
2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

3. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия Төрағасы: А.Қоныс. меңгеруші

Төрағаның орынбасары: Д.Тұрсынходжаева (педагог-зерттеуші)

Комиссия мүшелері:

А.Бекмұратова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Д.Тұрсынходжаева тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Н.Камилова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

А.Бахтиярова тәрбиеші (педагог-зерттеуші)

Хатшы:

А.Бахтиярова тәрбиеші

Сараптама кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін

Д.Тұрсынходжаева_ әдіскер «педагог-зерттеуші» - төраға

Сараптама кеңесінің мүшелері:

Н.Камилова тәрбиеші, «педагог-зерттеуші»

Хатшы: А.Бахтиярова

Балабақша педагогикалық кеңесі отырысының

№4-хаттамасы 01.03.2024ж

Қатысқандар:5

Балабақша меңгерушісі: А.Қоныс

Балабақшаның педагогтері - 7 адам.

Болмағандар: -2

Тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану».

Мақсаты: педагогтердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында түзеу-дамыту ойындарын қолдану ерекшеліктері туралы білімін жүйелеу. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу мәселелерінде педагогтердің педагогикалық шеберлік деңгейін арттыру.

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы. Педагогикалық кеңес тақырыбына кіріспе (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс). Психологиялық тренинг: «Келіңіздер, ойнайық!» (жауапты/педагог-психолог: Ғ.Бабатаева).

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану» тақырыбына арналған педагогикалық қонақ бөлме.

2. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзеу ойындары мен жаттығулары» (жауапты/ педагог-психолог: Ғ.Бабатаева).

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оның талқылануы, толықтыру. (меңгеруші А.Қоныс).

Менгерушіні бірінші мәселе бойынша тыңдау _____

№3 педагогикалық кеңес шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізілуде.

№3 педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын.

- Жалпы дамытушы типтегі топтарда бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Бұдан кейін «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану» тақырыбына арналған педагогикалық қонақ бөлмесі өткізілді.

Әдіскер Д.Тұрсынходжаева екінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңестің «ЕББҚ бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану» бойынша тақырыптық бақылау нәтижелерін жариялады.

(анықтамалар қоса берілген)

Шешім бірауыздан қабылданды.

Шешім:

1. №3 педагогикалық кеңес мегеруші. А.Қоныс бақылауында қалсын. Барлық білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу, жалпы даму үлгісіндегі топтарға ерекше назар аудару.
(Д.Тұрсынходжаева мерзіміне дейін, жауаптылар/балабақша педагогтері)

2. ЕББҚ бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану бойынша педагог-зерттеуші А.Бекмұратова жұмыс тәжірибесін қолдану.
(мерзімі: тұрақты, жауаптылар/ балабақша педагогтері).

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің дамуындағы қиындықтардың алдын алу және оларды жеңу мақсатында педагог-психолог: Ғ.Бабатаева түзету-дамыту ойындарын кеңінен қолдана отырып, балалармен жеке, ішкі топта, топтық түзеу-дамыту жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырсын.

(мерзімі: тұрақты, жауапты/ педагог-психолог).

Хатшы: Н.Камилова

**Балабақша педагогикалық кеңесі отырысының
№5-хаттамасы 03.05.2024ж**

Қатысқандар:5

Балабақша меңгерушісі: А.Қоныс

Балабақшаның педагогтері – 7 адам.

Болмағандар: - 2

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты: оқу жылын қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы. (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс)
 2. №5 педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылау нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау». (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс)
 3. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есеп. (жауапты/әдіскер: Д.Тұрсынходжаева)
 4. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. (жауапты/мейірбике: А.Тағаева)
 5. 2024 ж. жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін, өтпелі тақырыптарды бөлу. (жауапты/меңгеруші: А.Қоныс).
- Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша _№4 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы

_ №4 педагогикалық кеңес шешімін орындау тұрақты түрде жүргізілуде.

№4 А.Қоныс педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. Түзеу топтарының тәрбиешілері балаларға қойылған диагноздардың әр алуандығын және жас мөлшері әртүрлі топтағы жұмыс ерекшелігін ескеріп, микрокабинеттерді түзеу-дамыту ойындарымен толықтырсын.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші _А.Қоныс _«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау тақырыбындағы педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылаудың нәтижелерін ұсынды.

(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды: жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Үшінші мәселе бойынша

Меңгеруші __А.Қоныс__ жауап берді; «Балабақша қызметіне қанағаттану» тақырыбы бойынша ата-аналардың сауалнамасына талдау жасады; меңгеруші __А.Қоныс__ педагогикалық кеңестің шешіміне: өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2023-2024 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

(Анықтама, есептер қоса берілген)

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Д.Тұрсынходжаева 2023-2024 оқу жылында даму бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебімен таныстырды, алынған нәтижелер негізінде 2023-2027 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісуді педагогикалық кеңестің шешіміне шығаруды ұсынды. Даму бағдарламасын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың құрамы бекітілсін. 2023-2024 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне бағдарлама жобасы бекіту үшін ұсынылсын.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Бесінші мәселе бойынша мейірбике А.Тағаева қатысушыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ауа, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Мұғалімдер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өсіп келе жатқан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Меңгеруші А.Қоныс жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

- «Сәби мектебі» мектепалды даярлығының қысқа мерзімді курстарын іске асыру барысында болашақ бірінші сынып оқушыларының бастауыш мектепте оқуға дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау.

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші А.Қоныс 2024 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібімен таныстырды. Қатысушылар жоспарды мақұлдады, жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекетті келесі бөлімдер мен білім беру салалары бойынша өткізу туралы шешім қабылданды:

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:
 1. Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
 2. Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары косымшаларымен бірге.

Меңгеруші А.Қоныс педагогикалық кеңес шешімінің жобасын жариялады. Оны талқылап, толықтырғаннан кейін шешім қабылданды:

Жазғы кезеңде балалармен жұмыс келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталсын:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдайлар жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.
- «Сәби мектебі» мектепалды даярлығының қысқа мерзімді курстарын іске асыру барысында болашақ бірінші сынып оқушыларының бастауыш мектепте оқуға дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау.
(_____ мерзімінен бастап, жауаптылар/ барлық педагогтер, медқызметкерлер)

7. 2024 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:

- Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
- Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

Хатшы: Н.Камилова

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Мерзімі: 29.08.2024ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық»

Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен танысып, жүзеге асыру жұмыстары.

1. Жазғы маусымдық іс-шаралар есебі.
2. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандарт пен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу меноқытуды дамыту моделі).
3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдары 2024-2025 оқу жылында тәрбие білім беру туралы әдістемелік нұсқаулық хат.
4. Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін талқылау және бекіту.
5. Өртүрлі мәселелер. Алғы сөз балабақшаның меңгерушісі: - Қоныс Аяғөз №1 педагогикалық кеңесті «Ашық» деп жариялады. Барлық педагог тәрбиешілерді жаңа оқу жылымен құттықтады. Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер-Тұрсынхожаева Дилбар 2024 жылдың жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының есебін берді. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада көбірек болуына көп көңіл бөлінгенін айтып өтті. Далада массаждық жолдар ұйымдастырылып, кесте бойынша топтар қатысып отырғанын айтты. Таза ауада дене шынықтыру шаралары ұйымдастырылып отырды. Сауықтыру-шынықтыру шаралары өз мақсатына жетті. Мектепке дейінгі балалық шақ Республикалық орталығы әзірлеген жаздық бағдарламамен жұмыс атқарылғандығын айтты. 2024 жылдың жаз мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру шараларының жұмысы «жақсы» деп саналады.

- **2.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері- 2024-2025 оқу жылында басшылыққа алатын нормативтік құқықтық құжаттарға қысқаша тоқталып өтті. 2024-2025 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, ақпарат беріп өтті. Әдістемелік нұсқау хатта ерекше көңіл бөлінген тұстарымен таныстырды. 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құжаттармен жүзеге асырылатынын айтты:
- МЖМБС
- Үлгілік оқу жоспарлары
- Үлгілік оқу бағдарламасы
- Әдістемелік нұсқау хат
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды

даярлық сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында

балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

3 Тыңдалым. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Әдіскер-Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарын талқылау және бекіту. Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейінжылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өз бетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған күн тәртібін бекітілді.

4.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әртүрлі мәселелер бойынша сөз қозғалды. Жаңа оқу жылындағы жаңа өзгерістер жайлы сұрақ – жауап ұйымдастыра отырып, талқыланды. Әдіскерлер жаңа перспективалық жоспар, циклограмма жайлы тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берді.

Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №1 педагогикалық кеңес шешімі шығаруды ұсынды: Әдістемелік нұсқау хат бойынша жыл бойы жұмыс атқаруға, жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілді. 2024-2025 оқу жылы жылдық жоспар бойынша жұмысты атқару керектігі жайлы айтылды.

Қаулы:

1.Әдістемелік нұсқау хат бойынша жыл бойы жұмыс атқарылсын.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауаптылар: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері, жетекшілер

2.Жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілді. 2024-2025 оқу жылы жылдық жоспар бойынша жұмысты атқару.

3. Осы шешімдердің орындалуы әдіскер- Тұрсынхожаева Дилбарға

жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Д. Тұрсынхожаева

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

08.10.2024ж

Қатысқандар: 4

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы.
3. Өз мамандығыңды танысың ба? (Іскерлік ойын)

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі- Қоныс Аягөзге сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.

Балабақшаның жылдық жоспары,ұйымдастырылған іс -әрекетінің кестесі және тәрбиешілердің жоспары мен балабақшаның тәртібі бекітілді.Ата аналар файл - папка әкеліп тастады,- деді меңгеруші.

2.Тыңдалды: Б/б әдіскері- Д.Тұрсынхожаева сөз сөйледі.Ол өз сөзінде белгіленген іс шараны орындау мақсатында «Бақылау және басшылық» бөлімі бойынша салыстырмалы тексеру болып өтті.Тексерудің мақсаты-балалардың сөздік қорын байыту,байланыстырып сөйлеуді дамыту.

Талдау нәтижесі: Тәрбиешінің ҰІӨ іс-әрекетіне дайындығы жақсы. Бірақ көрнекіліктері аз .Көрнекіліктер баланың танымдық әрекеттеріне сай емес.Тіл дамыту іс-әрекеттерінде түрлі көрнекіліктер: түрлі – түсті картиналар пазлдар ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған дидактикалық ойнадар.Театрлық сахналық қойылымдар қойып балаларды сөздік қорын ,тыңдау ,есту қабілеттерін ,есте сақтау ,ертегілерді өз бетінше айтып беруге көмектеседі.Тәрбиеші-Дуйсенова Диляфруз І-деңгейден жоғары деген баға беріліп, әдістемелік көмек көрсетілді.**Сөйлегендер:** Тәрбиеші:- Суннатова Айжан тақырыптық тексерудің нәтижесіне толық келісемін.Өйткені ұйымдастырылған іс-әрекетінде,әсіресе тіл дамыту бойынша міндетті түрде көрнекіліктер болу қажеттілігі тағы да бір көз жеткізгендей болдық. Алдағы уақытта барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде көрнекіліктердің сапалы әрі,көп болуына еңбек етеміз деп сіздерді сендіре аламын деді,тәрбиеші .

3.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша «**Балдырған**» ересек тобының тәрбиешісі- Суннатова Айжан тыңдалды: Ол «Өз мамандығыңды танысың ба?» іскерлік ойын жас мамандармен өткізді. Ең бірінші мақсат, міндеттерімен таныстырды. Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік - психологиялық мәдениетін жетілдіру. Тәрбиешілердің педагогикалық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа әртістікке, бастамашылдыққа ынтасын дамыту. Өзін өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа қызығушылығын балабақшадағы әдістемелік жұмыстың перспективасын анықтау. 2. Тәрбиешілермен экспресс – интервью «Сіз қалай ойлайсыз өз мамандығыңызды тани білесіз бе?

Ойын барысында өтілетінін түсіндіріп өтті.

№ 1 Тапсырма:

Тақырыбы: «Стандартты білесің бе?»

Әр топқа стандарт туралы қойылған сұрақтары бар конверттерді ала отырып сұрақтарға жауап береді.

№ 2 Тапсырма:

«Әр жас ерекшелігіне сай қимылды ойын беріледі тәрбиешілер ойынды ойнап көрсетеді».

кіші Еркетай, Балапан топтары “Аякпенен жер тебінеміз” Ортаңғы топ “Қояндар мен қасқыр”. Ересек топ “«Хан»

№ 3 Тапсырма: «Тәрбиешінің мәнерлеп сөйлеуін және оқуын дамыту» / Тақтаға төмендегі тапсырмалар ілінеді:

а/ «Мында кел» деген сөзді жай, дауыстап, қатал дауыспен айту.

б/ «Жарайсың» деген сөзді жай, дауыстап, нәзік, риза болып, мысқылдап, қуанышпен, ғашық болып айту.

в/ Тәрбиешілердің жалпы ымдау реакциясын анықтау./мына тапсырма тәрбиешілердің бірдей орындауымен өтеді/

Тәрбиешілер бірін бірі көрмейтіндей отырады. Жүргізуші төмендегідей педагогикалық жағдаятты оқиды:

«Ұйымдастырылған іс-әрекеті басталып кетті. Сіз балаларға тақырыпты түсіндіріп жатырсыз. Есік ашылып, топқа ең «тентек» бала кіреді».

-Сіз оған қатал: «Отыр жылдам»

-Таңғалып: «Күткен жоқпыз»

-Жаратпай: «Сен мені тағы да алаңдаттың»

-Сұрап: «Тағы да бірдеңе болды ма?»

-Сөгіп: «Сен бала маған жұмыс жасауға мүмкіндік бермейсің»

-Қуанып: «Ақыры келдің бе?»

Ойын ойнатылып біткеннен кейін, бұл ойындар біздің күнделікті жұмыс барсында көретініміз айқын. Алайда біз осыларды нақты жүйелі қолданамыз ба, ол әрбір тәрбиешінің жауапкершілігінде деп ойлаймын, деп қатысқан тәрбиешілергі алғысын айтып түйіндеді.

Сөз кезегі «Балдырған» ересек тобының тәрбиешісі – Тағаева Гулжахан алды. Мен әріптесімді мұқият тыңдадым нақты кең көлемде, ұйымдастырғаны және де өзінің балалармен ойналатын ойындарды жүйелі нақты жам мандарға наныстырып ойналу барысын көрсетті. Мен өз әріптесімді өте жақсы білемін ол балалармен терең жұмысты үнемі жүргізіп отырады. Келтірілген ойындар өте қызықты болады, рақмет шығармашылық табыс тілеймін деп өз ойын білдірді.

Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңес шешімі шығаруды ұсынды:

Қаулы:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2.Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің қортындысы бойынша тәрбиешілерге қанағаттанарлық деген баға қойылсын.

3. Осы шешімдердің орындалуы әдіскер- Дилбар Тұрсынхожаеваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Д.Тұрсынхожаева

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Мерзімі: 12.12.2024 ж

Қатысқандар: 4

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Біртұтас тәрбиесі жоспары бойынша стент жабдықталу сапасы.
3. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі- Қоныс Аягөз сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Бақылау және басшылық, салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылды. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы атты баяндама бекітілді деді меңгеруші.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Біртұтас тәрбие бойынша стен жасалуы керек. Ондағы Ата өсиеті, Әже даналығы, Өке қамқорлығы, Ана мейірімі. Бағдарламаның міндеттерін, бағдарлама мазмұнын, Рухани – адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, Отанға, өз халқына, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге үйрету. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамытуға. Парасаттылық пен адалдыққа қалыптастыру. Бағдарлама мазмұны бойынша білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту. Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері, мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу, ұлттық мерекелер, ойындар, отбасындағы, балабақшадағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу. Үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білуі керек. Балаларға ұлттық ойындарымызды, аспаптарымызды, салт – дәстүрлерімізді үйрету керекпіз. Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуенде, ойын-сауық та ұлттық ойын-ұлт қазынасы балалармен ұлттық ойындарды ойнатуымыз керек, Өнегелі -15 минут балалар ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Күй – күмбірі балалар таң ертең келгенде Күйлерімізді тыңдап, музыка тыңдауға, ұлттық мәдениетті түсінуге, қызығушылығын арттыру керек.

3. Тыңдалды: Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша тәрбеші - Суннатова А тыңдалды. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру (ересектер) тақырыбында. Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып, қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым – қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала-қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер

балаға неғұрлым жақын болып табылады. Көрнекті психолог С.Л. Рубенштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп, қарастырады. Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды. Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік тұғызса, екіншіден бақылауды жүргізе қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық күзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты. Баланың жан-жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну – танып білу – жүзеге асыру»-осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс – тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

Серуен – Мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын – алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуенді ұйымдастыруда төмендігей жағдайларға көңіл бөлу:

Жер үлескісінде ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау.

Серуенді балалардың денсаулығын нығайтудың ең маңызды құралы ретінде кеңінен қолдану

Балалардың киімі мен аяқ киімінің ауа-райына сай болуы

Балаларға жекелей ықпал ету

Балалардың қимыл қозғалысы әрекетін тыныш әрекетпен іскер реттеуге алу

Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау техникалық қауіпсіздікті талаптарын сақтау

Серуенді өткізу деңгейін көтеруде

Серуенге бөлінетін уақытты азайтуды болдырмау

Серуеннің құрылысын сақтау

Баланың үнемі бос болмауын ұйымдастыру қажет – деп сөзін түйді.

Сөз кезегін әдіскер - алып. Бүгінгі әріптесіміз серуен туралы бірнеше түртіп алар жас мамандарға кеңес болды деп ойлаймын. Балалар серуен барысында не істейді, қалай ұйымдастырады толығымен жеткізе білді.

Шығармашылық табыстар тілемін деп сөзін аяқтады

4.Сөйлегендер: - тәрбиеші оқу жылында топ міндеттемелері әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жүргізілуде. Балабақша ата-аналармен тығыз қарым қатынаста жұмыс істеп келеміз. Жан-жақты тексерудің нәтижесіне

толық қосыламын. Жалпы, жыл басынан бері балаларды жан- жақты дамытуға арналған түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да іс-шараларымыз көп деді тәрбиеші. Б/б меңгерушісі – Қоныс Аягөз сөз алды. Ол өз сөзінде ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетін етоқталды. Ортаңғы топтарда болып өткен «Жыл құстары» Математика еліне саяхат атты Ұ.А.І.Ә болып өтті. Тәрбиешілер балаларға шаттық шеңбер орындатты. Қонақтармен амандасты. Кемшіліктер де болмады емес, сонымен қатар тәрбиеші - балалармен жеке жұмыс жүргізбеді.

Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №3 педагогикалық кеңес

шешімі шығаруды ұсынды:

Қаулы:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2.Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің қортындысы бойынша тәрбиешілерге қанағаттанарлық деген баға қойылсын.

3. Осы шешімдердің орындалуы әдіскер-Тұрсынхожаева Дилбарға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Д.Тұрсынхожаева

Педагогикалық кеңес
Хаттама №4

18.03.2025ж.

Қатысқандар: 3

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
- 2.Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
- 3.Ашық ұйымдатырылған іс әрекетті талдау.
- 4.Баяндама: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу».

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері-сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

2.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі- Қоныс Аяғөз күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2025 жылдың 15-18 науырыз күндері ересек топ «Балдырған » топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан аралық мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді.

Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. « Балдырған » тобының тәрбиешілері жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиеленушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересектер « Балдырған» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші – Суннатова Айжан балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті.

Балалар түскі ас ішуге отырды.

3.Тыңдалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі- Қоныс Аягөз сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Балалармен кірпінін баласын ермексаздан жасады. Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӨ талапқа сай өтті. ҰІӨ жақсы дайындалған.

4. Тыңдалды: «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады. Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеуін емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Ұйретілетін тілдік үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр.

Кез келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады.

«Педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы» Б.Т.Лихачев.

«Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибеде жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы». В.П.Беспалько.

«Инновация» термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Югославияның педагог ғалымы К.Ангеловский педагогика инновация мәселесін терең түрде зерттеген. Ол инновация терминінің эканомика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, «кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаналандыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизация ұғымдарын пайдаланады», - деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жанашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз – инновациялық мазмұнды дамыту, жананы ұйымдастыру, ал «жанаша» жегеніміз жана мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық: педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұның және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

- үдерісті сипаттаушы: үдерісті сипаттау (алгоритмі) оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;

- үдерісті іс-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдеснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық

технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- тиімділігі, жүйелілігі және басқада жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалануды төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1- кезең – оқып үйрену. 2-кезең – меңгеру.

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану. 4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Енді инновациялардың мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланатын кейбіреуіне тереңірек тоқталайық. А.С.Макаренка айтқандай «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің, қандай маңызы болса, өскен соң жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №2 педагогикалық кеңес шешімі шығаруды ұсынды:

Қаулы:

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
- 2.Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің қортындысы бойынша тәрбиешілерге қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерге жақсы деген баға қойылсын.
4. Осы шешімдердің орындалуы әдіскер- Қоныс Аягөзге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Д.Тұрсынхожаева

